

## **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі** **жадынама**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықтың ресми түсіндірмесі төмендегідей беріледі:

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалардың, лауазымды тұлғалардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соларға байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы өзі не үшінші тұлғалар үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты осы адамдарды игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы сатып алу.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы – сыбайлас жемқорлық белгілері бар, заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген құқыққа қайшы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

### **Егер Сізге пара ұсынса немесе Сізден пара талап етсе!**

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде параға байланысты қылмыстардың екі түрі көзделген:

пара алу (366-бап);

пара беру (367-бап).

Бұл бір қылмыстық монетаның екі жағы: егер пара туралы айтатын болсақ, онда пара алатын тұлға (пара алушы) және оны беретін тұлға (пара беруші) бар.

**Пара алу** – лауазымдық қылмыстардың аса қауіпті түрлерінің бірі, әсіресе ол адамдар тобымен жасалған немесе қорқытып алумен қатар жүретін болса. Қорқытып алу лауазымды тұлғаның заңды немесе заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар мен игіліктер алуынан көрінеді.

**Пара беру** – лауазымды тұлғаны пара берушінің пайдасына заңды немесе заңсыз әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасауға не қандай да бір артықшылықтарды беруге немесе алуға, оның ішінде қызмет бойынша жалпы қамқорлығы немесе жол беруі үшін бейімдеуге бағытталған қылмыс.

## **Пара алғаны үшін кім қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін?**

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген лауазымды тұлға және оған теңестірілген адам пара алушы деп танылуы мүмкін.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалар - мемлекеттің функциялары мен мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленетін лауазымдарды атқаратын адамдар.

### **Пара дегеніміз не?**

Коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын тұлғаға ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге де мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оған өзінің қызметтік жағдайын пайдаланғаны үшін, сондай - ақ пара беруді жүзеге асыратын адамның мүддесіне қызмет бойынша жалпы қамқорлығы немесе жол бергені үшін мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету-Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде коммерциялық пара беру деп аталады (253-бап).

### **Пара алу және коммерциялық параға сатып алу үшін жаза**

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде пара алу пара беруге қарағанда қоғамға қауіптілігі жоғары әрекет ретінде қарастырылады.

#### **Пара алу (366-бап):**

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлға не лауазымды тұлға, сондай-ақ шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды тұлғасы өзі немесе делдал арқылы пара берушінің немесе ол өкілдік ететін адамдардың пайдасына әрекеттер (әрекетсіздік) жасағаны үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы тұлғаның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол өзінің лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе қызмет бойынша жол бергені үшін өзі немесе басқа тұлғалар үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқық немесе мүліктік сипаттағы пайда түрінде параны өзі немесе делдал арқылы алуы – пара сомасының елу еселенген мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкін тәркілей отырып, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып жазаланады.

Сол әрекет елеулі мөлшерде жасалған, сондай-ақ заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) жасағаны үшін пара алу – пара сомасының алпыс еселенген мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкін тәркілей отырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып жазаланады.

Егер қылмыс тұлғалар тобымен алдын ала сөз байласу арқылы, қорқытып алумен, ірі мөлшерде немесе бірнеше рет жасалса – пара сомасының жетпіс

еселенген мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкін тәркілей отырып, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып жазаланады.

Егер қылмыс қылмыстық топпен, сондай-ақ аса ірі мөлшерде жасалса – пара сомасының сексен еселенген мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкін тәркілей отырып, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып жазаланады.

### **Пара беру (367-бап):**

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғаға не лауазымды тұлғаға, сондай-ақ шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына параны өзі немесе делдал арқылы беру – пара сомасының жиырма еселенген мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкін тәркілеумен немесе онсыз, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып жазаланады.

Сол әрекет елеулі мөлшерде жасалған болса – пара сомасының отыз еселенген мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкін тәркілеумен немесе онсыз, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып жазаланады.

Егер қылмыс тұлғалар тобымен алдын ала сөз байласу арқылы немесе ірі мөлшерде, бірнеше рет жасалса – пара сомасының қырық еселенген мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкін тәркілей отырып, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып жазаланады.

Егер қылмыс аса ірі мөлшерде немесе қылмыстық топпен жасалса – пара сомасының елу еселенген мөлшерінде айыппұл салуға не мүлкін тәркілей отырып, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып жазаланады.

### **Делдал арқылы пара немесе сатып алу**

Пара көбінесе делдалдар – бағынысты қызметкерлер, жеке кәсіпкерлер, делдалдық фирмалардың қызметкерлері арқылы беріледі және алынады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес, мұндай тұлғалар қылмысқа көмектесушілер ретінде қарастырылады.

Коммерциялық параға сатып алу да делдалдар – бағынысты қызметкерлер, бизнес бойынша серіктестер, осы мақсатта арнайы жалданған тұлғалар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Олар да Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес қылмысқа көмектесушілер ретінде қарастырылады.

Пара берген немесе коммерциялық параға сатып алуды жүзеге асырған азамат мынадай жағдайларда жауаптылықтан босатылуы мүмкін:

- параны қорқытып алу фактісі анықталған жағдайда;
- азамат жасаған әрекеті туралы құқық қорғау органдарына өз еркімен хабарлаған жағдайда.

Параны қорқытып алу немесе коммерциялық параға сатып алу фактісі туралы көрінеу жалған сөз жеткізу Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қылмыс ретінде қарастырылады және үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады (419-бап).

Пара тікелей («егер мәселе біздің пайдамызға шешілсе, сіз ... аласыз») немесе жанама түрде ұсынылуы мүмкін.

### **Пара ұсынудың кейбір жанама белгілері**

Пара ұсыну:

1. Ықтимал пара туралы әңгіме астарлы сипатта болады, пара берушінің сөзі ашық түрде даулы мәселе оң шешілген жағдайда оған ақша беретінін немесе қандай да бір қызмет көрсететінін білдірмейтін қысқа, бір мағыналы сөйлемдерден тұрады; бұл ретте «қауіпті» деген сөз тіркестеріне жол берілмейді.

2. Әңгімелесу барысында, куәлар немесе аудио, бейнетехника болған жағдайда, пара беруші ым-ишарасы немесе мимикасы арқылы осы мәселені шешу мүмкіндігін басқа жағдайда (басқа уақытта, басқа жерде) талқылауға дайын екенін білдіруі мүмкін.

3. Параның сомасы немесе сипаты ауызша айтылмайды; сонымен қатар тиісті сандар қағаз парағына жазылуы, калькуляторға немесе компьютерге енгізіліп, ықтимал пара алушыға көрсетілуі мүмкін.

4. Пара беруші әңгімені кенеттен тоқтатып, орынды сылтаумен бөлмеден шығып кетуі мүмкін, бұл ретте материалдары бар папканы, конвертті, портфельді немесе оралған затты қалдырып кетеді.

5. Пара беруші мәселені шешуге тікелей қатысы жоқ басқа адамға одан әрі байланысуды тапсыруы мүмкін.

### **Пара ұсынған немесе бопсалаған жағдайда сіздің әрекеттеріңіз**

- пара ұсынылған немесе пара қорқытып алынған жағдайда сіздің әрекеттеріңіз барынша сақтықпен, сыпайы және жағымпазданбай әрекет ету, пара беруші (пара қорқытып алушы) сіздің сөздеріңізді пара алуға (беруге) дайын екендігіңіз немесе параны қабылдауға (беруге) үзілді-кесілді бас тартуыңыз ретінде түсіндіруі мүмкін абайсыз пікірлер айтуға жол бермеу;

- сізге ұсынылған шарттарды мұқият тыңдау және дәл есте сақтау (соманың мөлшерін, тауарлардың атауын және көрсетілетін қызметтердің сипатын, параны беру мерзімдері мен тәсілдерін, коммерциялық параға сатып алу нысанын, мәселелерді шешу реттілігін);
- параны беру уақыты мен орны туралы мәселені келесі әңгімеге дейін кейінге қалдыруға тырысу және келесі кездесу үшін өзіңізге жақсы таныс орынды ұсыну;
- әңгімелесу барысында бастаманы өз қолыңызға алмау, көбірек «тыңдаушы тарап» ретінде әрекет ету, ықтимал пара алушыға (пара берушіге) өз ойын толық айтуға және сізге мүмкіндігінше көп ақпарат беруге мүмкіндік беру;
- егер сізде диктофон болса, пара ұсыну немесе оны қорқытып алу туралы әңгімені жасырын түрде жазып алуға тырысу.

### **Пара ұсыну немесе параны қорқытып алу фактісі орын алғаннан кейін дереу не істеу керек?**

1. Осы факт туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға хабарлау.

2. Дайындалып жатқан қылмыс туралы ауызша немесе жазбаша түрде өзіңіздің жұмыс орныңыз бойынша құқық қорғау органдарының біріне немесе олардың жоғары тұрған органдарына хабарласу.

Жергілікті атқарушы органдардың (әкім аппаратының), құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік мекемелердің өкілдері тарапынан пара ұсынылған немесе пара қорқытып алынған жағдайда, сіз осы органдардың қызметкерлері жасайтын қылмыстардың жолын кесу мәселелерімен айналысатын өз қауіпсіздігі бөлімшелеріне тікелей жүгіне аласыз.

3. Сізге пара ұсынылғаны немесе оның қорқытып алынғаны туралы хабарламамен жүгінген құқық қорғау органының басшысының қабылдауына кіру.

4. Сізге пара ұсынылғаны немесе оның қорқытып алынғаны туралы арыз жазып, онда нақты көрсету:

сізге пара ұсынған немесе оны қорқытып алған лауазымды тұлғаның кім екені (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, мекемесі);

ұсынылған немесе қорқытып алынған параның сомасы мен сипаты қандай;

қандай нақты әрекеттер (немесе әрекетсіздік) үшін сізге пара ұсынылғаны немесе оның қорқытып алынғаны;

параны тікелей беру қай уақытта, қандай жерде және қандай тәсілмен жүзеге асырылуға тиіс;

бұдан әрі құқық қорғау органының нұсқауларына сәйкес әрекет ету.

## **Мұны білу маңызды!**

Қылмыстар туралы ауызша хабарламалар мен жазбаша арыздар қылмыстың жасалған орны мен уақытына қарамастан құқық қорғау органдарында тәулік бойы қабылданады.

Сіз өз арызыңыздың құқық қорғау органында тіркелгені туралы белгісі бар көшірмесін немесе хабарламаны қабылдаған қызметкер туралы мәліметтер мен оның қолы, тіркеу нөмірі, құқық қорғау органының атауы, мекенжайы және телефон нөмірі, хабарламаның қабылданған күні көрсетілетін талон-хабарламаны алуға құқылысыз.

Құқық қорғау органында сізден келіп түскен хабарлама (арыз) Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес процестік әрекеттерді жүзеге асыру үшін дереу тіркелуге және жоғары тұрған басшыға баяндалуға тиіс.

Сіз өз арызыңызды орындау тапсырылған құқық қорғау органынан қабылданып жатқан шаралардың сипаты туралы білуге, сондай-ақ өз құқықтарыңыз бен заңды мүдделеріңізге қатысты мәселелер бойынша неғұрлым толық ақпарат алу үшін тиісті бөлімшенің басшысының қабылдауына кіруді талап етуге құқылысыз.

Егер сізден пара беру туралы хабарламаны (арызды) қабылдаудан бас тартылған жағдайда, сіз осы заңсыз әрекеттерге жоғары тұрған органдарға шағымдануға, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің құқыққа қайшы әрекеттеріне құқық қорғау органдарының қызметіне прокурорлық қадағалауды жүзеге асыратын жоғары тұрған органға шағым беруге құқылысыз.

## **Ынталандыру нысандары**

Қазақстан Республикасының Үкіметі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске өзге де жолмен жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу қағидаларын бекітті (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1131 қаулысы).

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдем көрсететін адамдар үшін біржолғы ақшалай сыйақы түрінде жүзеге асырылатын көтермелеу шаралары белгіленеді.

Біржолғы ақшалай сыйақы түріндегі көтермелеу мынадай мөлшерде жүзеге асырылады:

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы әкімшілік істер бойынша – 30 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК);

ауырлығы аз сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы қылмыстық істер бойынша – 40 АЕК;

ауырлығы орташа сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы қылмыстық істер бойынша – 50 АЕК;

ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы қылмыстық істер бойынша – 70 АЕК;

аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы қылмыстық істер бойынша – 100 АЕК.

Осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген жағдайларда грамота тапсыру немесе алғыс жариялау түріндегі көтермелеу шаралары белгіленуі мүмкін. Көтермелеуді қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсету мыналарды қамтиды:**

1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы жасалғаны туралы хабарлау;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасаған іздеудегі адамның орналасқан жері туралы ақпарат беру;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру үшін кейіннен маңызы болған өзге де жәрдем көрсету.

Көтермелеу адам ұсынған ақпарат шындыққа сәйкес келген және кінәлі адамға қатысты:

1) әкімшілік жаза қолдану туралы сот қаулысы заңды күшіне енген;

2) айыптау үкімі заңды күшіне енген;

3) ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарылды.

Көтермелеуге арналған материалдарды органдар көтермелеу құқығы туындаған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қалыптастырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке жібереді және олар мыналарды қамтиды:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органның өтінішхаты;

2) ақпаратты есепке алу кітабында, Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелген арыздың көшірмесі, сондай-ақ адамның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы фактісі бойынша жүгінгені туралы ақпарат немесе адамның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеп-тексеруге жәрдем көрсеткенін растайтын өзге де құжаттар;

3) әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаны туралы хаттаманың немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау туралы қаулының көшірмесі;

4) заңды күшіне енген әкімшілік жаза қолдану туралы сот қаулысының көшірмесі;

5) жеңілдетілген сотқа дейінгі іс жүргізу хаттамасының, заңды күшіне енген айыптау үкімінің немесе қылмыстық істі ақталмайтын негіздер бойынша тоқтату туралы қаулының көшірмесі;

б) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және біржолғы ақшалай сыйақыны төлеу үшін тұлғаның жеке немесе өзге шотының банктік деректемелері.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің басшысы материалдар келіп түскеннен кейін бес жұмыс күні ішінде көтермелеу туралы бұйрық шығарады, ол адамға біржолғы ақшалай сыйақы төлеуге негіз болып табылады.

Біржолғы ақшалай сыйақы көтермелеу туралы бұйрық шығарылған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде адамның жеке немесе өзге шотына аудару арқылы төленеді.

Біржолғы ақшалай сыйақыдан бас тартқан жағдайда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдем көрсеткен адам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органға тиісті өтініш береді.

Бұл ретте жедел-тергеу бөлімшелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысына адамды грамотамен марапаттау немесе оған алғыс жариялау туралы өтінішхат бере алады.